

Ги де МОПАССАН

ТОМПУШ
ӨМІР
СҮЙКІМДІ ДОС

әлем әдебиеті кітапханасы







**“МӘДЕНИ МҰРА”
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ
НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ**

“МӘДЕНИ МҰРА”
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫН
ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ
ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ ҚҰРАМЫ

Құл-Мұхаммед Мұхтар, *төраға*
Ардақ Досжан, *төрағаның орынбасары*
Асқаров Әлібек, *жауапты хатшы*

Қоғамдық кеңестің мүшелері:

Абдрахманов Сауытбек
Аяған Бүркіт
Әбусейітова Меруерт
Әжіғали Серік
Әйтимова Бірғаным
Әлімбай Нұрсан
Әуезов Мұрат
Базылхан Нәпіл
Байпақов Карл
Биекенов Кеңес
Бұрханов Камал
Ертісбаев Ермұхамет
Кенжеғозин Марат
Қаскабасов Сейіт
Нысанбаев Әбдімәлік
Өмірбеков Байтұрсын
Салғара Қойшығара
Сариева Рысты
Сейдімбек Ақселеу
Сұлтанов Қуаныш
Таймағамбетов Жәкен
Тұяқбаева Баян
Хұсайынов Көбей

Ги де МОПАССАН

ТОМПЫШ
ӨМІР
СҮЙКІМДІ ДОС



әлем әдебиеті кітапханасы

Аударма

ББК 84 Фр 7-44
М 69

**“Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасы
көркем әдебиет секциясының мүшелері:**

Кекілбаев Әбіш (серияны құрастырушы), Абдрахманов Сауытбек
(*төрага*), Әбдіков Төлен, Асқаров Әлібек, Бельгер Герольд,
Елеукенов Шерияздан, Нұрғали Рымғали, Нұрпейісов Әбдіжәміл,
Михайлов Валерий, Мұртаза Шерхан, Мырза Әли Қадыр,
Оразалин Нұрлан, Сүлейменов Олжас, Тарази Әкім,
Шапай Тұрсынжан, Юсупов Кеңес.

Құрастырып, алғы сөзін жазған
Бексұлтан Нұржекеұлы

Орыс тілінен аударғандар
Әбіш Кекілбаев, Бексұлтан Нұржекеұлы

М 69 Мопассан Ги де. Томпыш. Өмір. Сүйкімді дос.
Астана: Аударма, 2006. – 544 бет.

ISBN 9965-18-160-8

М $\frac{4703010100 - 164}{00 (05) - 06}$

ББК 84 Фр 7-44

ISBN 9965-18-160-8

© “Аударма” баспасы, 2006

ӘЙГІЛІ МОПАССАН

Әйелдің өмірін әйелден артық суреттей білген Ги де Мопассан – бар-жоғы қырық үш жыл ғана өмір сүрген жазушы. Ол – тек әйелдерді ғана, әйелге қатысты мәселелерді ғана жазбаған, әйелдер арқылы елдің, халықтың, мемлекеттің мұң-мұқтажы мен нақты жай-күйін дер кезінде айта білген адам, әйтпесе әйел жайлы кім жазбайды, ал әйел жайлы жазғанның бәрі әйел өмірі мен қоғам өмірін Мопассанша байланыстыра бермеген, ол жазған әйелдер – қоғамның ауруы мен адамның соған бейімделуін өз өмірімен дәлелдеп беретін әйелдер. Мопассанды оқып отырып, қазіргі Қазақстанның да көп жағдайын көзге елестетуге болады.

Мәселен, оның ел құлағын елең еткізген ең алғашқы атақты шығармасы – “Томпыш” атты повесі. Бір қарағанда, ол жезөкше әйелдің бірер жағдайын баяндауға арналған секілді, бірақ шын мәнінде олай емес, сол әйелдің қылығымен өзгелердің қылығын салыстыра келгенде, өз тәнін сатқан жезөкшеден бұрын өз халқын, өз мемлекетін, өз ары мен принципін, уәдесі мен сөзін – бәрін сата беретін пайдакеш жезөкшелерді көріп және олардан Томпыштың әлдеқайда патриот, әлдеқайда принципшіл, әлдеқайда мейірбан екенін көріп, соның бәрін бір жол бойындағы оқиғаға сыйдырып суреттей білген Мопассанға еріксіз сүйсінесің.

Француздарды немістер жаулап алған кез. Бір күймеге мінген бір топ адам қыс ішінде қалың қардан барар жерлеріне уақытында жете алмай, жолда қарындары ашып, әбден қиналған кезде Томпыш атты жезөкше әйел үлкен кәрзеңкесіндегі азық-түлікті соларға бөліп беріп бір риза етеді. Алайда жол ортасындағы қонақ үйге аялдаған оларды неміс офицері одан әріге жібермей қояды, шарты: Томпыш оны қойнына алғанда ғана рұқсат етеді.

Әуелде офицердің әлгі жүгенсіздігіне ыза болған олар бірте-бірте солай істеуге Томпышты өздері үгіттей бастайды да ақыры көндіреді, сөйтіп

жолға шығуға рұқсат алады. Бұл жолы Томпыштың да жолға азық алуға мүмкіндігі болмай, дайындықсыз шығады. Сонда әлгі зиялылар мен саудагерлер, монахиалар мен әдепті, мәдениетті әйелдер Томпышқа түйір де татырмай, қайта оны қорлап, мазақтап, өздері шімірікпей ішіп-жеп күйме ішінде оны көрмегенсіп, байқамағансып отыра береді.

Тілінде бар, бірақ өзінде жоқ патриоттарды, сөзінде бар, бірақ өзінде жоқ мәдениетті мырзалар мен ханымдарды, екі сөзінің бірінде “халық”, “ел” деп сөйлейтін, бірақ екі ісінің бірінде де не халықтың, не мемлекеттің қамын ойламайтын, не айтса да, не істесе де тек өз қамы мен өз жағдайын бәрінен жоғары қоятын, тек соны ойлайтын; саясаты да, мақсаты да соған ғана құрылған бір топ арқылы Мопассан өз заманының кейіп-келбетін айнытпай жасайды, XV ғасырдың тарихи жағдайын жазуына негіз қыла отырып, өзі өмір сүріп жатқан XIX ғасырдың бет-бейнесін беріп, замандастарының кескін-келбетін әжуалай көрсетеді.

Қай заманда да өмір сүретін жылпостар мен екіжүзді адамдардың ішкі және сыртқы пошымдарын, әрекеттерін, сырты жылтырап, іші қалтырап тұрған сатқындығын соншалық, сондайлық дәл көрсетеді, тіпті солардың дәл қазір біздің ортамызда да жүргенін айнытпай танимыз. Сірә, өлмейтін шығарма тек осылай жазылуы керек болар.

“Томпышты” Мопассан отыз жасында жариялаған екен, содан кейін бір мүшел ғана өмір сүріпті. Содан кейін ол “Өмір”, “Сүйкімді дос”, “Монт-Ориоль”, “Пьер мен Жан”, “Өлімдей күшті”, “Біздің жүрек” атты алты роман, сан қилы жағдай мен сан алуан өмірді бейнелеген қыруар новелла, көптеген очерк пен мақала жазып қалдырды. Француз халқының ұлы жазушысы болып қалу үшін оған сол 43 жас әбден жеткілікті болды.

Мопассанның “Өмір” атты тұңғыш романы оның 33 жасында жарық көрді. Жазушының “Пьер мен Жан” және “Өмір” атты романдарын қазақтың атакты жазушысы Әбіш Кекілбаев қазақшалады. Бұлар “Жазушы” баспасынан тиісінше 1967 және 1970 жылдары жарық көрген болатын. “Өмір” романы Мопассанды XIX ғасырдағы француз әдебиетінің классигі етті.

Бұл романның басты кейіпкері Жанна атты әйел өмірдің бүкіл былғанышы мен сүренсіздігін, сатқындығын өз басынан өткереді, ол сүйіспеншілік дейтін қасиетті сезімді аңсағанмен, ә дегеннен-ақ оның айуанға тән дөрекі түрінің дәмін татады, алғашқы түнінен басталған сол дөрекілік оның бүкіл өмір бойы қасынан қалмайды, бір дөрекілікке тағы басқа дөрекілік жалғасып, оның өмірі дөрекілікке төзудің үлгісі тәрізді көрінеді. Жанна қаншама қиындық көріп, қаншалықты алдау мен қорлауға ұшыраса да, өзінің жан тазалығын сақтап қалады.

Ол әуелі күйеуінің көзіне шөп сап жүргенін біледі, күйеуі жақындасып жүрген әйел өзінің ең сенімді адамы санап жүрген Розали болып шығады, ал кейін, жалғыз ұлынан да жақсылық көрмей әбден жадап-жүдеп жүргенде, сол Розали мен Розалидің өз күйеуінен туған баласынан жақсылық көреді. Өмір шіркіннің шытырманы бұл романда шынайылығымен, әйел тағдырының ел тағдырымен үндес келуімен айрықша қызғылықты суреттеледі.

Мопассанның ең үздік шығармаларының ішінде “Сүйкімді дос” романының алатын орны ерекше. Мұнда да әйелдер бейнесінің айрықша галереясы бар: Форестье, Марель, Вальтер ханымдар айла, ақыл жағынан бірінен-бірі өтеді, алайда Дюруа атты жас жігіт олардың бәрін де, тақырға отырғызып алдап соғады. Мансап, байлық жолында олар істеген айла-шарғылар кісіні шын мәнінде таңдантады. “Француз өмірі” атты газеттің иесі, саясат пен бизнесті ұштастыра жүргізетін әйгілі алаяқ Вальтердің өзін алдап соққан Дюруа, сөз жоқ, заман тудырған талант. Қалтасында сыра ішуге ақшасы әзер жететін жас жігіт аз уақыттың ішінде ең бай адамның біріне айналады және сол дәрежеге жету үшін ол негізінен тек әйелдерді пайдаланады, ең қу, айлалы деген Форестье ханымның өзінен асып түседі, бір кезде өзін менсінбегендерден түгелдей кек алып шығады. Бұл роман – әлі де осы заманның бет пердесін ашып көрсетіп тұрғандай өміршең роман.

Дюруа, қылығына қарағанда, еркектің жезөкшесі. Ол үшін басты мақсат – тек баю, кедейшіліктен құтылу. Сол мақсатына жету үшін бүкіл талантын, ақылы мен әдісін аянбай жұмсайды. Ар-ұят, достық, сүйіспендік, ел мен отанды сүю, халыққа қызмет жасау, адал болу сияқты асыл қасиеттің бірде-бірі оның бойында жоқ, өзінің жеке басының мүддесі үшін ол жақын әйелін де, еркек досын да – бәрін қынжылмастан, ойланбастан сата береді.

Бұл романда тек Дюруаның ғана емес, міністірлер мен депутаттардың да өз мүдделерін ел мүддесінен жоғары қойып, сол үшін саяси қылмысқа да барғаны аяусыз әшкереленеді. Мопассанның мысқыл араласқан әр сөзінен әр кейінкердің бет бейнесін айнытпай танып отырасың.

Мопассан кедейленген дворян отбасында 1850 жылы дүниеге келеді. әкесі Гюстав Мопассан мен шешесі Лора Ле Пуатвен тату-тәтті өмір сүрмеген адамдар екен, іс жүзінде ажырасып кетеді.

Шешесі ақылды, оқыған, әдебиетке өте жақын адам болады. Оның бауыры Альфред әйгілі Флобердің досы болған-ды.

Мопассан алғашында өлең жазады. Ол өзінің 1880 жылы жарық көрген алғашқы кітабын – өлеңдер жинағын – Флоберге арнайды.

Ол өлеңмен қатар әңгіме де, пьеса да, мақала да жазады. 1880 жылы жарық көрген “Медан кештері” атты жинаққа Мопассанның “Томпыш” атты повесі де енеді. Сол повесть Мопассанды атақты жазушылар қатарына біржола қосады. Бұл шығарма О. Ағыбаевтың аудармасымен 1935 жылы жеке кітап болып шыққан екен. Арада жетпіс жыл өткен соң уақыт талабын ескере отырып, біз мұны қайта аударып, оқырмандар назарына ұсындық. Айта кетер жайт, 1935 жылы Ғ.Ормановтың аудармасымен бес әңгімесі кітап болып шығыпты.

Оның артында “Анжелиус” және “Жат жерлік жан дүние” атты екі романы аяқталмай қалады.

Мопассан шығармалары қазақ оқырмандарының жүрегінен де, сөз жоқ, үлкен орын алады.

Бексұлтан НҰРЖЕКЕҰЛЫ.

Г и д е М О П А С С А Н

Қатарынан бірнеше күн бойы қала арқылы қираған армияның қалдықтары өтіп жатты. Қазір бұлар әскер емес, әншейін берекесі қашқан қарақшылар еді. Шегінгелі бері солдаттардың қырылмаған сақалы үрпі-түрпі, мундирлері жұлым-жұлым болып, туларын да тастап, бет-бетімен зорға сүйретіледі. Қажыған, еңселері түскен, олар ойлаудан да, қимылдаудан да қалып, тек дағдыларымен ілбіп келе жатқан сияқты, тоқтай қалса болды, қалжырап құлай кетеді. Олардың ең көбі қосымша күштегілер – винтовкаларының салмағынан жаншылған бейбіт адамдар, зиянсыз өсімкорлар мен дабыраға да, жігерленуге де бірдей жеңіл берілетін, шабуыл мен қашуға да қашанда әзір тұратын ұлттық гвардияның жауынгерлері болатын; олардың арасынан анда-санда қызыл дамбадылар да жылт етіп қалатын, олар шайқаста быт-шыты шыққан дивизияның соңғы шашырандылары еді; алуан полктің жаяу әскерлерінің қатарында артиллерияшылардың қара түсті мундирлері де қараң етіп, шапшаңырақ қозғалатын жаяу әскердің соңынан әрең ілесіп келе жатқан ауыр салмақты драгундердің де каскалары ілуде бір жарқ етіп қалады.

Батырларға лайық аттары бар “Кек қайтарушылар”, “О дүниенің азаматтары”, “Өлімге қатыстылар” деген ерікті атқыштардың қарақшылар тобына ұқсайтын отряды да өтті.

Осы отрядтардың командирлері бұрынғы кезде меші, соңғы күндерге дейін май мен сабын сатқан, ақшасы мен әдемі мұртына бола офицерлік шен алған кездейсоқ жауынгерлер болатын, қару асынып, оқалы киім киген олар қатты дауыстап өздеріне сенімді сөйлейді, жорықтың жоспарын талқылап, бақытсыз Францияны қолдайтын жалғыз бізбіз деп даурығысады, алайда соған қарамастан өздерінің өжет, жанкешті әскерлерінен – бұзықтардан, тонаушылар мен азғындардан – қорқады да.

Жұрт пруссактар әне-міне Руанға да келіп қалады десіп жүрді.

Соңғы екі айда төңіректегі орманда өте-мөте сақтықпен барлау жасап, әлдебір қоян бұта түбінде бұқпантайлап жүрсе де аттан салып, кей-кейде өз күзеттерін де атып алып жүрген ұлттық гвардия үйді-үйіне тарасты. Бертінге дейін үлкен жолдың бойындағы үш шақырым аралыққа дейінгі бағаналардың зәресін алған карулар, әскери киімдер, тағы басқа қаһарлы дүниелер кенеттен зым-зия жоқ болды.

Ақырында француздың соңғы солдаты Сенадан өтіп, Сен-Север мен Бур Ашар арқылы Понт-Одемерге бет алды; бәрінің ең соңында быт-шыт болған бөлімшесіне бір әрекет жасауға шамасы келмей күйзелген және үнемі жеңіп дағдыланған, ал қазір аңызға айналған қаһармандығына қарамастан түгі қалмай қираған ұлы халықтың басына түскен сұмдық нәубеттен өзі де сасып қалған генерал екі адъютантымен бірге бара жатты.

Сонан соң қала үстін сөзсіз болатын бөлені үнсіз күткен өлі тыныштық басты. Сорс мен дүкеншіктің ар жағында тұрып майланған, өжеттігінің бәрінен айырылған көптеген буржуа жеңімпаздарды үйіндегі істіктері мен үлкен ет кесетін пышақтарын қаруға жатқызып жүре ме деген қорқынышпен күтті.

Қала тіршілігі тоқтады: дүкендер жабылып, көшелер қанырап қалды. Түнерген тыныштықтан қорыққан бірді-екілі жүргінші қабырғаға үрейлене жабысады.

Күтудің азаптағаны сондай, одан да жаудың жетіп келгені жеңілдік әкелетіндей болып көрінді.

Француз әскерлері кеткен күннің ертесі кешке қарай қайдан келгені белгісіз ұландар қала ішімен шапқылап өтті. Біраздан кейін Сент-Катринның еңісінен қара қорым болып қаптаса, қалған екі топ Дарнесталь мен Буагниом жолымен сау ете қалды. Үш әскердің сайлауыт тобы қала орталығындағы алаңда бір мезгілде тоғысты да, қалған көрші көшелерге жол табанын қатты адымдай нық басқан герман армиясының батальондары қаптап кетті.

Үні кенірдектен шығатын жат дауыспен айқайлап берілген бұйрықтар иесі қырылып қалғандай немесе қашып кеткендей көрінген мылқау үйлердің терезелеріне дейін жетіп жатты, әйткенмен соның арасынша жартылай жабылған терезенің саңылауларынан үрейлі көздер жеңіске жеткен, “соғыстың заңы бойынша” қаланы, дүние-мүлікті, адам өмірін билеуге қажысы бар жаңа кожайындарға ұрлана қарайды. Бүкіл ақыл-ой, адамзаттың барша құдірсті оның алдында шарасыз болып табылатын үлкен күйреуге, қаһарлы табиғат апатына ұшырағандай қорқыныш билеген қала

тұрғындары жартылай қараңғы бөлмелерге тығылды. Орнықты тәртіп құлап, қауіпсіздік саласы жоғалып, табиғат заңымен немесе адамзат заңымен қорғалған нәрсенің бәрі мағынасыз, дәрсі және қатыгез күштің билігіне берілген кезде қорқыныш сезімі кімді де болса билейді. Қираған үйлерге бастырып бүкіл қала тұрғындарын қырып салатын жер сілкінісі, суға тұншыққан шаруалардың денесін өгіздерінің өлігімен және үй шатырларының ағаштарымен қоса ағызып әкететін су тасқыны немесе қорғанғанның бәрін қырып, қалғанын тұтқындап әкететін, Қылыштың атымен тонап, зеңбіректің зіркілінің астында өз құдайына мадақ айтатын жеңімпаз армия – мұның бәрі адамзаттың әділдікке, аспанның қорған болатынына, адамның ақыл-ойына деген біздің мәңгілік сенімімізді азайтатын алапаттар.

Әйткенмен әзірдің өзінде әрбір есікті қағып, сонан соң үйге шағын отряд кіріп шықты. Шабуылдың арты басып алуға ұласты. Жеңілген жақ үшін жеңгендерге құрмет көрсету дейтін жаңа міндеті туындады.

Біраз уақыт өткен соң алғашқы үрейдің қыспағы басылып, тағы да тыныштық орнады. Көп үйде пруссиялық офицер отбасы мүшелерімен бірге бір үстелде тамақтана бастады. Егер ол дұрыс тәрбиеленген адам болса, сыпайылықпен Францияға жаны ашып, бұл соғысқа қатысу өзі үшін өте ауыр болғанын айтып та жіберетін еді. Оның ондай сезіміне риза болып жатысты, өйткені оның қамқорлығы күн сайын-ақ қажет болып қалатын. Оған жағыну арқылы үйге жататын адамның санын бірер адамға азайтуға да болатынды. Оның үстіне өзің барлық жағынан тәуелді болып отырған адамды ренжітудің не қажеті бар? Ол енді батырлық емес, ақылсыздық қой. Ал Руан қаласының тұрғындары өз қаласын қорғау кезінде ерлікпен даңққа бөленген кездегідей емес, қазір ондай ақымақтықпен күнәлі бола алмайды. Ең соңында әркім француздық әдептілікпен туындаған даусыз дәлелге жүгінді: жат жерлік солдатпен үй ішінде сыпайы болудың ешқандай сәтсіздігі жоқ, тек жұрт көзінен онымен әлікей екенінді көрсетпесең болды. Көшеде көрсе, оны танымағандай өте шығады, ессіне үйде онымен өліп-өшіп әңгімелеседі, содан неміс күн өткен сайын кешкісін ұзақ отырып, отбасының ошағында ұзақ қыздырылатын болды.

Қала да бірте-бірте өзінің әдеткі қалпына келе бастады. Француздар үйден шығудан әлі қашқақтағанымен, ессіне пруссиялық солдаттар көше-көшеге сыймай құжынайды. Дегенмен өздерінің ажал әкелетін ұзын қаруларын аяқжолда шамдана салаңдатқан көгілдір гусар офицерлері, сірә, бір жыл бұрын осы кофеханадан

дәм татқан арнайы француз атқыштарының офицерлерінен гөрі қарапайым қалалықтарды көбірек жақтырмайтын секілді.

Бәрібір қалада әлдебір көзге көрінбейтін, дағдыда жоқ бір нәрсе сезіледі; оны бір бөтен, түншықтырған ауа мен ауыр, адам төзгісіз иіс – жаулап алу иісі түмшалап алған. Ол тұрғын үйлер мен қоғамдық орындарға орнығып алып, ас-тағамға айрықша дәм беріп, құдды алыс бір елде, жабайы қанішер тайпаның арасында жүргендей әсер қалдырады.

Жеңіске жеткендер ақша талап етті, ақша болғанда да көп ақша. Тұрғындар төлей берді, төлей берді; дегенмен олар бай болатын. Бірақ нормандық коммерсант неғұрлым бай болған сайын өз иелігіндегі дәулеттің басқа қолға азғантай түйірінің ауысуынан тартқан зиянға соғұрлым қатты қайғырады.

Әйткенмен қала сыртындағы өзеннің екі-үш шақырым төменгі жағынан, Круассе, Дьепдаль мен Бьессар маңынан қайықшылар мен балықшылар су түбінен бауыздалған немесе ұрып өлтірген, таспен ұрып басы жарылған немесе көпірден суға лақтырып жіберген неміс солдаттарының ісініп кеткен өлігін талай рет тауып алысты. Бұл қатыгез және әділ, әрі құпия кек алудың құрбандары мен белгісіз батырлардың ашық күндегі айқасқа қарағанда әлдеқайда қауіпті және ешбір атақ-абыройға ие етпейтін бұл ерліктерін өзен балдырлары білдірмей жасырып-жауып жатты.

Жат жұрттыққа деген жек көрініш Жаужүрек, Идея үшін жан қиюға әзір аз топқа атамзаманнан бері қолына қару алғызып келеді.

Алайда жеңушілер өзінің мызғымас тәртібіне қаланы бағындырғанмен, бәрібір, қаңқу сөзге сенсек, жеңімпаз жорығы кезінде жасаған жаншошырлық қатыгездіктерінің бірде-бірін жасаған жоқ, – ақырында тұрғындар батылданып, жергілікті табыскерлердің жүрегінде пайда табуға деген ынтықтық қайта тұтанды. Олардың кейбірі ірі ақша табу мақсатында әлі де Француз әскерлері тұрған Гаврмен байланысты болатын, сондықтан олар әуелі Дьеппаға дейін құрғақпен барып, сол арадан кемеге мініп Гаврға жетіп алып жүрді.

Таныс неміс офицерлерінің ықпалы да іске қосылып, сонын арқасында қала коменданты шығуға рұқсат беріп жатты.

Сөйтіп, он жолаушы төрт ат жеккен үлкен дилижанс жалдап, сейсенбі күні таңертең, халық жиналып кетпей тұрып, күн шықпай жүріп кетуге ұйғарысты.

Аяз қысқалы бірнеше күн болған, ал дүйсенбі күні күндіз сағат үшке таман солтүстіктен ұшы-қиырсыз қара бұлт қаптап, қар жауды да, содан кешке дейін толастамады, түні бойы жауды.

Жолаушылар таңғы төрт жарымда күйме арбаға міну үшін, “Норман” қонақ үйінің ауласына жиналды.

Олар әлі ұйқылы ояу болатын, суықтан қалтырап, тоңғандарынан жылы орамал мен шәлілеріне оранып алысты. Қараңғыда бір-бірін әрең таныды, ал қысқы ауыр киім олардың бәрін ұзын шапан киген жуан кюреге ұқсатып жіберген-ді. Алайда екі жолаушы бір-бірін танып, оларға үшіншісі қосылып, содан әңгімелесіп кетті.

– Мен әйеліммен кетіп барам, – деді олардың бірі.

– Мен де.

– Мен де солай.

Алғашқысы тағы қосып қойды:

– Біз Руанға қайтып оралмаймыз, ал егер пруссактар Гаврға жақындаса, онда Англияға кетіп қаламыз.

Барлық жолаушының ойлағаны бір ғана мақсат болатын, себебі, олардың бәрі де табиғаты бірдей адамдар-ды.

Күймеге ешкім әлі жүгін тиеген жоқ-ты. Атшының шамы қараңғы есіктің бірінен жарқ етіп жанса, екінші біріне барып жалп етіп өшеді. Атқораның түкпірінен сабан төселген еденге тұншыққан ат тұяғының тықыры мен еркектің шу-шулеген, атты боқтаған даусы талып естіледі. Сылдырмақтардың ақырын шыққан сыңғырына қарап, арбаға жегетін атты жабдықтап жатқанын түсіну қиын емес-ті, көп ұзамай әлгі сыңғыр анық естіліп, ат қимылына қарай құбылған үздіксіз күңгірге ұласты; кейде ол тына қалып, іле-шала қайта басталады, сол кезде тағаның тықылы да естіліп қалып тұрды.

Кенет есік ашылды. Бәрі тына қалды. Жаураған жолаушылар жым болды; суықтан қатып қалған олар қозғалмай тұра берді.

Жылт-жылт еткен ақ жапалақ аспаннан жерге түсіп жатыр, түсіп жатыр; мұзды мүк барлық нәрсені сүмірейтіп, еңселерін басып, кейіптерін бұзып жіберді; қыс көрпесін жамылып, ұлы тыныштықтың құшағында мүлгіген қалада тек жауған қардың құбылған, көмескі, түсіндіруге келмейтін сырылы ғана естіледі, – дұрысы ол дыбыстың өзі емес, дыбысты сезіну ғана, бүкіл кеңістікті көмкеріп, бүкіл жер бетін орап алған аппақ түйіршіктердің жеңіл дыбыры ғана.

Қолына шам ұстаған адам аяғын әрең алып, басы салбыраған атты жетектеп тағы көрінді. Ол атты арбаның тәртесіне жақындатып қойды да, қамыттың құлақбауларын байлады. Сонан соң бір қолымен шамды ұстап тұрғандықтан, қалған бір қолымен айыл-тұрмандарды жөндеп ұзақ айналды. Екінші атты әкелуге бара

жатқанында, ақ қар жамылып, орындарынан қозғалмай тұрған жолаушылардың сұлбасын байқап қалды да:

– Неге дилижансқа отырып алмайсындар? – деді. – Тым құрыса, қардан қорғанасындар ғой.

Олар, сірә, оны ойламаған болу керек, енді дилижансқа қарай лап қойды. Үш еркек өз әйелдерін артқы орынға отырғызды да, артынан өздері кірді; сонан соң оранып алға, түр-түсі бұлдыр басқалар да қалған орындарға келіп орналасты.

Аяқтың астына сабан төселген екен, бәрінің аяғы көмілді де кетті. Түкпірде отырған әйелдер ала келген химиялық көмірі бар күміс жылытқыштарын жақты да, оның әрқайсысы баяғыда біліп алған артықшылықтарын бір-біріне сыбырлай санамалап жатты.

Жолдың қиындығына байланысты, әдеткі төрт аттың орнына ақырында дилижансқа алты ат жегіліп біткен соң, сырттан әлдекім:

– Бәрің отырдыңдар ма? – деп сұрады.

– Иә, – деді іштен біреу.

Дилижанс жолға шықты. Олар баяу, өте баяу, жаяу жүргенмен бірдей дерлік дәрежеде жүріп отырды. Дөнгелектер қарға батып, күйменің шанағы ыңырысып, тұншыға шықырлайды; аттар тайғанақтап, пысқырып, бұрқырап булары аспанға шығып келеді; айдаушының ұзын шыбыртқысы дамылсыз шартылдап, жіңішке жыланша біресе ирелендеп, біресе жазылып жан-жаққа сілтенеді, жылдамдата жүрсін деп, біресе ана аттың, біресе мына аттың жон арқасына ширатыла шүйлігеді.

Сол арада жерге де жарық түсе бастады. Жолаушылардың бірі Руан қаласының таза қанды тұрғыны қаңғалақтаған қарды теңеп айтқандай, ақ мақта да жерге жаууын тоқтатты. Бірде шық жамылған ұзын ағаштар, кейде қар кепкінің астындағы лашықтар көрініп қалатын аппақ даланың аппақтығын одан бетер айқындап, қап-қара, ауыр бұлттың арасынан буалдыр сәуле сызықтайды.

Сол жабырқау шұғыланың жарығында жолаушылар бір-біріне қызығушылықпен қарай бастады.

Дилижанстың ең түкпіріндегі ең жайлы орынға орналасқан Гран-Пон көшесінің көтерме саудамен шарап сатушылары ерлі-зайыпты Луазо бір-біріне қарама-қарсы отырған қалпы қалғып келе жатты.

Бұрын біреуге қызмет жасаған Луазо өзінің банкрот болған бастығынан барлық істі сатып алып, содан байлық жинаған. Ол шет аймақтағы ұсақ саудагерлерге нағыз нашар шарапты арзанға сатып қулығы мен емен-жарқын жүретіндігінің арқасында достары мен таныстарының арасында аты шулы суайт, нағыз нормандық аталған.

Алаяқ деген аттың оған берік орныққаны соншалық, жергілікті жерге танымал шақпа тілді, өткір ойлы, мысалдар мен тақпақтар құрастырғыш Турнель деген мырза шенеуніктер жиналған бір кеште іштері пысып отырған әйелдерге “ұшты-ұшты” ойыны, яғни “Луазо волс” ойнайық деген ұсыныс жасайды, онысы әрі “күс ұшты”, әрі “Луазо ұрлайды” деген мағына беретін-ді, оның бұл әзілі лезде шенеуніктерге тарап, одан соң қаланың бүкіл қонақ үйлеріне жетіп, содан бір ай бойы бүкіл аймақ күлкіге батқан-ды.

Оның үстіне Луазо өзінің қызықты қылықтарымен, бірде сәтті, бірде сәтсіз әзілкештігімен де атағы шыққан адам-ды, ол туралы әңгіме бола қалса-ақ: “Ә, әлгі Луазо ма, ол бір теңдесі жоқ адам”, – десетін.

Ол онша ұзын бойлы емес-ті, оның ұсқыны құдды шар тәрізді қарыннан, оның үстіне орныққан ақ бас көмкерген қып-қызыл денеден тұратындай еді.

Оның әйелі ұзын бойлы, толық денелі, өз білгенімен жүретін, ащы дауысты, қатал мінезді адам болатын, Луазо өзінің емен-жарқындығымен, қайнаған қат-қабат жұмысымен жандандырып жүрсе, ал әйелі олардың сауда үйіндегі тәртіп пен есептің үлгісі еді.

Олардың қасына өз орны мен жоғары дәрежесін жақсы сезінген кейіппен фабрикант, мақта-мата өндірісінің маңызды шікірәсі, үш жіп иіру орнының иесі, Құрметті легионның офицері және Бас кеңестің мүшесі Карре-Ламадон мырза жайғасыпты. Империя тұсында ол кейін оған қосылғаны үшін, өз сөзімен айтқанда, игі қарумен өзі соғысқан лагерден көбірек қамтып қалам деген бір ғана мақсатпен игі ниеттегі оппозицияны басқарған болатын. Өз күйеуінен әлдесайда жас Карре-Ламадон ханым руан гарнизонына тағайындалған жақсы отбасынан шыққан офицерлердің нағыз алданышы болған-ды.

Күйеуінің карама-қарсысындағы үріп ауызға салғандай әп-әдемі, жылы тонға оранған әйелі дилижанстың сұрықсыз ішіне түңіле көз сап отыр.

Олардың көршісі граф және графиня Юбер де Бревиль ежелгі және атақты норман тегінен тарайтын. Граф, аса келбетті егде тартқан дворянин, өзінің киініп-тарану айласымен король Генрих Төртіншімен табиғи туыс екендігін әйгілей жүруге тырысады, отбасылық мадақ шежіре бойынша, бұлардың бір арғы әжесі корольден жүкті болып қалады, ал оның күйеуі соған байланысты граф атағын алып және губернатор болады.

Граф Юбер Бас кеңестік жағынан Карре-Ламадон мырзанын әріптесі, департаменттің орлеан партиясының өкілі еді. Онын Нанттағы ұсақ кеме ұстаушының қызына қалай үйленгені біржола жұмбақ болып қалды. Алайда графиня ақсүйектік мәнерді жақсы меңгергендіктен, оның үстіне тамаша қабылдаулар ұйымдастыра білгендіктен, тіпті, бұрын Луи-Филипп балаларының бірімен ашына болыпты деген де әңгіме бар болғандықтан, бүкіл бетке ұстарлар соның төңірегінде үйірілетін және ежелгі ізеттілікті сақтаған бірден-бір орын болғандықтан, оның салоны департаменттегі ең бірінші саналатын әрі оған кіру де оңай болмайтын.

Ал Бревильдердің тұтастай мүлік түрінде жинаған байлығынын жылдық түсімі, қауесетке қарағанда, бес жүз мың ливрге жететін көрінеді.

Күйменің төрінде отырған осы алты адам қоғамның аukatты, өзіне-өзі сенімді, күдіретті тобын бейнелесе, ал адамдардың ықпалды, діндар әрі тұғыры берік тобы саналады.

Таңғаларлық кездейсоқтықпен барлық әйел бір іскәмсікке отырыпты; графиняның қасына “О, біздің жаратушымыз” бен “Құдай анасын” сыбырлап айтып, ұзын тәспихтерін термелеген екі монахина орналасыпты. Оның бірі – құдды тақап тұрып бытырамен атқандай бетін шешек шұбарлаған егделсеу әйел. Екінші отс әлжуаз әйелдің бет әлпеті әдемі, аурушаң көрінді, ксудесі азаптанушылар мен тақуаларды тудырып, бәрін өзіне бағындырып алатын дін жолында шаршап, күрт ауруына шалдыққан адамдыкіндей.

Бәрінің назарын монахиналардың қарсысында отырған әйел мен еркек аударды.

Еркек демократ, барлық атақты адамның қорқытушысы белгілі Корнюде болатын. Ол өзінің ұзын сары сақалын табаны күректей жиырма жыл бойы барлық демократиялық кафеге батырып шыққан-ды. Ол өзінің бауырларымен және достарымен бірге кондитер болған әкесінен қалған айтарлықтай мол дәулетті шашып бітіп, енді соншама ынтамен жасалған революциялық шарап құрбандығынан соң, ақырында еңбек сіңірген орнын алу үшін, республиканың орнауын шыдамсыздана күтіп жүрген-ді. Әлдекімнің әзілі арандатқан болу керек, төртінші қыркүйекте ол өзін жоғары дәрежедегі шенеуніктікке тағайындалдым деп есептейді, содан өз қызметіне кірісейін деп келсе, шенеуніктер кеңесінің бірден-бір қожасы болып қалған хатшылар оны мойындамай қояды, содан тайып тұруына тура келеді. Табиғатынан адал көңілді, қиянатқа бармайтын, елгезек адам болғандықтан, ол айрықша

жігермен қорғану шараларын ұйымдастыруға кіріседі. Оның тапсырмасы бойынша, далаларда қасқырдың апаны сияқты орлар қазылып, төңіректегі ормандардан жас ағаштарды кесіп, барлық жолға бөгесіндер жасалды; сол әрекеттерге көңілі толған ол, жау жақындап келген кезде, асығыс қалаға шегініп кетті. Енді оның өз ойынша, ол Гаврда аса зор пайда келтірмек, ол арада да ор қазып, бөгесіндер жасатуына тура келеді.

Ал жеңіл мінезділер қатарына жататын әйел өзінің ерекше толықтығымен даңқы шыққан, содан “Томпыш” деген атқа ие болған адам-ды. Аласа бойлы, доп-домалақ, денесін май басқан, борбиған саусақтарының буын-буыны емшекке ұксап үдірейген, терісі жалтыраған жұмсақ, көйлегін шіреп тұрған төсі күшак жетпестей шалқар бұл әйел қалай дегенмен де көз тартарлықтай келісті еді және сұранысы да жақсы болатын, әсіресе оның жап-жас екендігі көз қуантатын. Алманың қызылындай бет ұшы шұғынық гүлдің жарылайын деп тұрған қауызын елестетеді; өте әдемі кара көзі ұзын жиі кірпіктердің қоршауында тіпті қап-қара боп көрінеді, ал ұсақ аппақ тістері жарқырап көрінген сүйкімді, дымқыл оймақ аузы дәп бір сүйгенінді күтіп тұрғандай тіпті.

Егер қауесетке сенсек, оның басқа да баға жетпес артықшылығы толып жатыр.

Оны таныған сәттен бастап әдепті әйелдердің арасында сыбыр-күбір басталды да кетті; “масқара”, “бұзылған қыз” деген сөздердің анық сыбырлап айтылғаны соншалық, Томпыш басын көтеріп алды. Ол өзінің жолаушы жолдастарын шамданған, өткір жанарымен бір шолып өтіп еді, сол сәтте-ақ қолма-қол тыныштық орнап, бәрі жерге карады, тек Луазо ғана оған ойнақылана көз тастады.

Алайда көп ұзамай үш әйелдің арасында әңгіме қайта тұтанды: анандай әйелдің орталарында отыруы оларды ойда жоқта біріктіріп, тіпті туысқанға айналдырып жіберді. Занды махаббат ежелден өзінің еркіндікті аңсаған сінлісіне жек көрінішпен карап келе жатқандыктан, мына ұяты жоқ мақұлықтың алдында өздерінің бірігуі қажет екенін адал жанды жұбайлар сезді.

Корнюденің көзқарасына карағанда консервативті дағдылары билеп кеткен үш ерск іс жағдайын әңгіме етіп кетті және олардың сөз ыңғайынан кедейлерге деген жек көрініші байқалып-ақ тұрды. Граф Юбер өзін пруссактар душар еткен қырғын-жойқын туралы, мал ұрлаумен егінді қиратудан тапқан үлкен шығыны жайында сөз етті, әйткенмен ондай зиян өзі сияқты ауқатты, миллионер адамды мықтағанда бір жыл ғана қыспағына алады деген байсалды

сенімділік сөз арасынан сезіліп тұрды. Капиталист Карре-Ламадон мырза мақта-мата өндірісінің тұрақсыз жағдайына байланысты, қиын күндерге деп сақтаған алты жүз мың франк ақшасын аман-есен Англияға аударып үлгеріпті. Ал Луазо болса француз әскерлерінің жабдықтау бөліміне амалын тауып бүкіл сақтаулы шарабын сатып жіберіпті, енді оған мемлекет мол ақша қарыз болып отыр, ол соны Гаврға барып алып алсам деген ойда.

Үш еркек бір-біріне жылы достық шыраймен қарасады. Қоғамдық жағдайларының әрқилылығына қарамастан, олар өздерін байлық жөнінен бауырластар санап, барлық ауқатты, қалталарында алтын сыңғырлайтын адамды түгел біріктіретін ұлы франко-массон орденінің мүшелеріндей сезінді.

Дилижанстың баяу қозғалғаны соншама, таңғы онға дейін тым құрыса төрт мил де жүрмеді. Асуға өрлеген кезде, еркектерге үш рет жерге түсіп, шығуға тура келді. Тотеге жетіп таңғы тамағымызды ішерміз деген жолаушылар қобалжи бастады, мына жүріспен ол араға түнде әрең жететін түрлері бар. Жол бойынан әлдебір ас ішетін бірдемені көреміз бе деген үмітпен бәрі терезеден сыртқа үңіліп келе жатқанда, кенет күйме қасат қарға тығылды да қалды; оны ол арадан шығарып алуға артық-кемі жоқ екі сағат кетті.

Аштық буып, ақыл-ой тұмандана бастады, ал келе жатқан пруссактар, шегініп келе жатқан француздың аш әскері сауда орындарының иелеріне үрей туғызғандықтан, жол бойынан бірде-бір асхана, бірде-бір кабак көзге түсер емес.

Еркектер жол бойындағы фермаларға жейтін бірдеме іздеп жүгіріп барғанмен, ең құрығанда нан да сатып ала алмай оралды. Себебі ешкімге сенбейтін шаруалар көзге көрінгеннің бәрін тартып ала беретін аш әскерлерден қорқып, өздерінің артық қорларын тығып тастаған болатын.

Түстен кейінгі сағат бір шамасында Луазо төс шеміршегінің астын шыдатпай тырнап барады деді. Қалғандары да одан кем қиналып келе жатқан жоқ-ты, аяусыз, бірте-бірте күшейіп бара жатқан аштық олардың әңгімеге деген ықыласын баяғыда бытшыт қылған болатын.

Анда-санда жолаушылардың бірі есіней бастайды; оның артынан іле-шала тағы біреуі қостай жөнеледі; әркім өзінің мінсізінс, тәрбиесі мен қоғамдық жағдайына орай бірі шуылдатып, бірі үнін шығармай кезек-кезегімен аузын ашады да, бұркырап бу шығып жатқан тесікті тез алақанымен жаба қояды.

Томпыш жерден бірдеме іздегендей, бірнеше рет еңкейіп белдемшесінің астына қолын жүгіртті. Қасындағыларға батылсыздау көз тастап, қайтадан түзеліп отырды. Бетінің қаны қашып, бәрінің жағы суалып кеткен еді. Луазо шошқаның титімдей сан еті үшін мың франк төлеуге дайын екенін айтып салды. Оның әйелі еріксіз наразы қимыл жасап қалды да, бірақ сол сәтте-ақ сабасына түсе қойды. Ақшаны желге шашқандай көрінген жай сөздің өзі де оның жынына тиетін, ол тіпті ондай әзілді де көтере алмайтын.

– Шындығына келгенде, маған бір түрлі ыңғайсыз болып отыр, – деді граф. – Қалайша мен тамақ алып шығуды ойламағам?

Әркім де өзін ойша солай сөгіп отырған болатын.

Алайда Корнюденің бір құты тола ромы бар екен; кім ішкісі келеді деп айнала ұсынып көріп еді, бәрі салқын ғана бастарын шайқады. Тек Луазо ғана бір жұтуға қарсы болмады, алғысын айтып құтысын қайтарып жатып:

– Дегенмен жақсы екен! Қыздырады әрі аштығынды ұмыттырады, – деді.

Ром оны көңілді күйге түсірді де, ол енді кемедегілердің аш қалғанда жолаушылардың ішіндегі ең семізін жейтіні жайындағы өлеңді еске алып, біз де сөйттейік деген ұсыныс жасады. Томпышқа қарата астарлап айтылған әлгі сөзге тәрбиелі жолаушының бәрі тыжырынды. Луазо мырзаға ешкім жауап бермеді, тек Корнюде ғана жымиды да қойды. Монахиналар дұға оқуын доғара салып, қолдарын кең мол жеңдеріне тығып, көздерін жерден алмай тесіле қараған күйі қозғалмастан отыра берді, өздеріне жіберілген тексеруге азапты төзімділікпен шыдап бақты.

Ақыры сағат үш кезінде бірде-бір қылтиған ағашы жоқ шетсіз-шексіз мидай жазықпен келе жатқанда, Томпыш тез еңкейді де, іскәмейкенің астынан беті ақ дастарқаншамен жабылған үлкен көрзінкені көтеріп шықты.

Әуелі ол оның ішінен фаянс тақсы мен күміс стақан шығарды да, содан кейін кесектеп туралған екі балапан тауықтың еті салынған үлкен табақ алып шықты; көрзінкенің ішінен қағазға оралған басқа да дәмді тағамдардың төбесі көрініп қалды: қатпар нан, жемістер, тәттілер мен түрлі тамақтар, үш күн бойы асханаға бармай-ақ тамактануға есептелген тәрізді. Азық-түлік түйіншектерінің арасынан төрт бөтелкенің мойны қылтияды. Томпыш шөженің қанатын алды да, Нормандияда “регенттік” деп аталатын наннан тістей отырып, сыпайылап жей бастады.

Барлығының назары соған ауды. Ұзамай дилижанстың ішін еліктірген иіс жайлап кетті де, танаулар делдиіп, сілекейлер

тоқтамай ағып, жұрттың жағы сіресіп қалды. Әйелдердің жезөкшеге деген жек көрінісі енді ашуға ауысты, олар оны өлтіруге, дилижанстан стақанмен, кәрзіңкесі және азығымен қоса жұлып алып қарға лақтырып тастауға дайын еді.

Бірақ Луазо піскен шөже салынған табақты көзімен ішіп-жеп барады. Ақырында ол сөйлеп қоя берді:

– Міне ақылдылық! Мадам бізден гөрі көреген болып шықты. Әрқашан бәрін ойластырып жүретін адамдар болады!

Томпыш оған бұрыла қарады:

– Тамақ жемейсіз бе, сударь? Таң атқалы түк татпау тым ауыр ғой.

Луазо басын иді.

– Иә, ұят болса да мойындайын, қарсы емеспін. Соғыс кезінде бәрі де соғыс кезіндегідей, мадам, солай емес пе?

Өзінің сапарластарын көзімен бір шолып өтіп:

– Мұндай минөттес өз міндетіне жауапты қарайтын әйелмен жолығу да өте ғанибет, – дегенді қосып қойды.

Шалбарын былғап алмау үшін, ол тізесіне әуелі газет төседі, сонан соң ылғи да қалтасынан тастамайтын бәкісінің ұшымен тауықтың санын тұздық-мұздығымен қоса шаншып алды да, тісімен жұлқып сондай бір рақаттана жей бастап еді, күйменің ішін күрсінс дем алған үн кернеп кетті.

Томпыш жуас, момын үнмен монахиаларға да тамақ ұсынды. Екеуі бірден келісіп, мінгір етіп алғыстарын білдірді де, бастарын көтерместен асығыс жей бастады. Көршісінің сыяпатына Корнюде де қарсы болмады, монахиалармен бірігіп тізелеріне төсеген газеттен үстелсымақ та жасап алды.

Ауыздар өршеленс шайнап, жеп, жұтып, дамыл таппай ашылып-жабыла бастады. Луазо өз бұрышында барын сап кірісіп, әйелін де сөйтуге сыбырлай үгіттеп жатты. Әйелі ұзақ қарсыласты, бірақ ақырында, асқазаны жабысып қалатын болған соң, көнді. Күйеуі ең тәрбиелі сөздердің көмегімен “сапарлас арудан” Луазо ханымға да бір кесім ет алып, беруге болар ма екен деп сұрады.

– Әрине, болады, алыңыз, мырза, – деді Томпыш. Сөйтті де, ықылас білдіре жымып, табағын созды.

Бордо шарабының бірінші бөтелкесін ашқан кезде, біраз абыржу байқалды: бар-жоғы бір-ақ стақан бар екен. Алдын ала ернеуін сүртіп алып, оны бірінен кейін біріне бере бастады. Сірә, сыпайылық істегені болу керек, тек Корнюде ғана көршісінің ерін ізі көрініп тұрған дымқыл жерге өз ернін тигізді.

Тамақты құныға жеп жатқан адамдардың ортасында оның иісін жұтып, ерлі-зайыпты Карре-Ламадон және граф пен графиня де Бревиль де “Танталдың азабы” аталған қиямет азапты бастан кешіп отырды. Кенет фабриканттың жас әйелі қатты күрсініп қалды да, жұрттың бәрі жалт қарады; дилижанс терезесінің сыртындағы қардай екі бесті аппақ болып кетіпті, көзі жұмылып, басы кеудесіне салбырап түсіп кетіпті: әйел есінен танып қалыпты. Қорқып кеткен күйеуі көмек сұрап жалбарынды. Бәрі сасып қалды; монахинаның егделсеуі аурудың басын сүйеп, аузына Томпыштың стақанын тосты да, біреу тамшы шарапты зорлап жұтқызды. Жас әйел қозғала бастады, көзін ашып, жымиды да, өлімсіреген дауыспен жаңағыдан да тәуір екенін айтты. Қайтадан талып қалмауы үшін, монахина бір стақан бордо шарабын түгел ішіп қоюға мәжбүр етті де:

– Бұл аштықтан басқа түк те емес, – деді.

Оны естіген Томпыш ұялғанынан қызарып, әлі де тамақ татпай отырған төрт жолаушыға қарап былдырлай жөнелді:

– Аһ, құдайым-ай, мен сіздерге тамақ алыңыздар деуге батпай отырсам...

Өзін қорлап, қарсылық білдіретін шығар деп күткен ол үндемей қалды. Сөзді Луазо бастады:

– Е, жөн ғой, мұндай жағдайда барлық адам бауыр, бір-біріне көмектесулері керек. Қанеки, ханымдар, әлдесқандай болмаңдар, айтатын несі бар, келісіңдер! Біз, бәлкім, түні бойы тоқтайтын жер таба алмаспыз. Мынандай жүріспен Тотаға біз ертең түске қарай жетсек те жаман болмас еді.

Бірақ төртеуі әлі толқу үстінде болатын, олардың келісім жауапкершілігін өзіне алуға бірде-бірінің батылы бармады.

Ақырында мәселені граф шешті. Ол ұялып отырған толық әйелге барынша маңғаздана бұрылды да:

– Біз сіздің ұсынысыңызды алғыс сезімімен қабылдаймыз, мадам, – деді.

Тек алғашқы кадам ғана қиын екен. Рубиконнан өткен соң, бәрі қысылуды қойды. Кәрзине әп-сәтте жылан жалағандай болды. Оның ішінде бауырдан, бозторғайдың етінен жасалған паштет те, бір кесім қақталған тіл, крассан алмұрты, понлевек ірімшігі, печенье мен бір банкі маринатталған ұсақ қияр және пияз да бар боп шықты, – әйелдің көпшілігі сияқты Томпыш та ащы нәрсеге әуес-ті.

Әйелдің алып шыққан азығын жайпап тастаған соң, оның өзімен сөйлеспей қою мүмкін емес-ті. Әуелгіде ептеп үйлеспегенмен, бірақ